

Жаңақала аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 19-19 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 сәуірде № 5105 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Жаңақала аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жаңақала аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (С.Успанова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Б.Жагипаров

З.Сисенғали

Жаңақала аудандық
мәслихатының

2018 жылғы 15 наурыздағы
№ 19-19 шешіміне қосымша

Жаңақала аудандық мәслихатының кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. Жаңақала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы "2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" №8-1 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4656 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2. Жаңақала аудандық мәслихатының 2017 жылғы 10 наурыздағы "Жаңақала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №8-1 "2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" №9-1 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4737 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

3. Жаңақала аудандық мәслихатының 2017 жылғы 8 маусымдағы "Жаңақала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №8-1 "2017-2019 жылдарға

арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" №11-1 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4841 болып тіркелген, 2017 жылғы 11 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

4. Жаңақала аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 қазандағы "Жаңақала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №8-1 "2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" №14-1 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4934 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

5. Жаңақала аудандық мәслихатының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы "Жаңақала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №8-1 "2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" №16-1 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5002 болып тіркелген, 2017 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

6. Жаңақала аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 тамыздағы "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" №29-6 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4037 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

7. Жаңақала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 сәуірдегі "Жаңақала аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 тамыздағы №29-6 "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" №2-9 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4411 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).